

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрі бұйрығының құрылымдық элементі мен кейбір бұйрықтардың күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрінің 2026 жылғы 9 маусымдағы № 97 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 10 маусымда № 38930 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрі бұйрығының құрылымдық элементі мен кейбір бұйрықтардың күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің интернет-ресурсында қолданысқа енгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде орналастыруды;

3) осы бұйрықтың 2-тармағының 1) және 2) тармақшалары орындалғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде олардың орындалуы туралы ақпаратты Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз ету.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
туризм және спорт министрі

Е. Мырзabосынов

Қазақстан Республикасы
туризм және спорт министрі
2026 жылғы 9 маусымдағы
№ 97 Бұйрыққа қосымша

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрі бұйрығының құрылымдық элементі мен кейбір бұйрықтардың күші жойылған тізбесі

1. "Туристендіру картасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2021 жылғы 27 қазандағы № 332 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24950 болып тіркелген).

2. "Туристендіру картасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2021 жылғы 27 қазандағы № 332 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 31 тамыздағы № 241 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33375 болып тіркелген).

3. "Туристендіру картасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2021 жылғы 27 қазандағы № 332 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрінің 2025 жылғы 28 наурыздағы № 41 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35885 болып тіркелген).

4. "Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрінің 2025 жылғы 15 шілдедегі № 131 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесінің 6-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 36457 болып тіркелген).